



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

BULLETIN

PHILOLOGY SERIES

1(159) 2016

Смағұлова Г.Н.,
Әмірақынова Г.А.
**Қазақ әзілдерінің тақырыптық
ерекшеліктері**

Smagulova G.N.,
Amirakynova G.A.
**Thematic features
of Kazakh humors**

Смағұлова Г.Н.,
Амирақынова Г.А.
**Тематические особенности
казахского юмора**

Мақалада әзілдің кімдер арасында айтылатындығына байланысты тақырыптық топтарға жіктеліп, ерекшеліктері көрсетіледі. Қазақ әзілдері қоғаммен бірге өмір сүріп, заманның ағымына, өзгерістеріне қарай икемделетін құбылыс болғандықтан, мақалада қазақ мәдениетіндегі әзілдің орны, ұлттық және тақырыптық ерекшеліктері қарастырылады.

Ұлы тұлғалардың, ақын, жазушылардың әзілдері салт-дәстүр, әлеуметтік жағдай, білім-ғылым, адамдардың жас ерекшеліктері секілді тақырыптар бойынша топтастырылып, олардың арасындағы жарасты әзілдері мысалдармен талданады. Сонымен қатар туысқандық, отбасылық қарым-қатынастағы әзілдер, ұлттар арасындағы достық әзілдер, достар мен құрдастар арасындағы әзілдер секілді тақырыптық топтар бойынша әзілдердің ұлт танымына байланысты ерекшеліктері көрсетіледі.

Түйін сөздер: әзіл, салт-дәстүр, білім-ғылым, әлеуметтік жағдай, жас ерекшелік.

Article considers and shows features of classification on theme groups depending between whom the humour is conducted. As, the Kazakh humour exists together with society, and it is considered the phenomenon, flexible to a current of time, to changes, in the article the humour place in the Kazakh culture, national and thematic features is investigated.

Ridiculous statements of great people, poets, writers are grouped in such subjects as traditions, the social status, science and education, age features of people, their pertinent humours are analyzed as the examples. Besides, humour in the relative, family relations, humour between the nations, humour between friends and mates, are also grouped in theme groups depending on the national directions.

Key words: humour, tradition, science and education, social conditions, age feature.

Статья раскрывает и показывает особенности классификации на тематические группы в зависимости от того, между кем ведётся юмор. Поскольку казахский юмор существует вместе с обществом и считается явлением, гибким к течению времени, к изменениям, в статье рассматривается место юмора в казахской культуре, национальные и тематические особенности.

Смешные высказывания великих людей, поэтов, писателей группируются по таким темам, как традиции, социальное положение, образование и наука, возрастные особенности людей, их уместные юморы анализируются в виде примеров. Кроме того, юмор в родственных, семейных отношениях, юмор между нациями, юмор между друзьями и приятелями, также группируются по тематическим группам в зависимости от национальных направлений.

Ключевые слова: юмор, традиция, образование и наука, социальные условия, возрастная особенность.

ҚАЗАҚ ӘЗІЛДЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тілдік қатынас арқылы коммуниканттар арасында ерекше байланыс орнатылады. Өзара ақпарат алмасу, бірін-бірі түсіну, диалог құру – барлығы тіл арқылы қарым-қатынастың өрісін кеңейтеді. Әдетте адамдар арасында пікір алмасу, ой бөлісу сынды сергек әңгімелермен қатар түрлі жағдаяттарға қарай әзіл-қалжың қоса айтылып, тілдік қатынастың тақырыптық ауқымымен қатар, интенцияның көріну формалары да түрлене түседі. Өзара қатысымдық (коммуникативтік) тактика – әдіс-тәсілдер арасында қазақ әзілдерінің орны ерекше. Мұнда менталдық, ұлттық мәдени ерекшеліктер бар.

«Әзіл» – (فكاهة) араб тілінен енген сөз. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде берілген анықтама бойынша әзіл семантикасы:

1. Күлкі тудыру үшін айтылатын сөз немесе жасалатын күлдіргі әрекет, қалжың;
2. Бір адамның екінші адамды ұялту, сөзге тоқтату және т.б. мақсаттары үшін айтатын ұрымтал да астарлы, көңілді де күлкілі пікірі немесе қылығы;
3. Этн. дәстүрлі қазақ қоғамында қатарлас, құрдас немесе белгілі бір туыстық қатынастағы адамдар арасында орынды саналатын өзара сөз сынасу, сын айту, қалжыңдасуға негізделген қарым-қатынас түрі;
4. Ауыс. қызық, думан, бос күлкі.

Қазақ әзілдері қоғаммен бірге өмір сүретін, заманның ағымына қарай, өзгерістеріне қарай икемделетін құбылыс. Әзілдің өзі, ұлттық тілге, дүниетанымға, әртүрлі жағдайларға байланысты туындап отырған. Әр халықтың өмірді тануы, қабылдауында өзіне тән ұқсастықтар, ортақ, жалпы жақтары болумен қатар өзіндік ерекшеліктері, айырмашылықтары да болады. Халықтың белгілі бір ортада, белгілі бір аймақта өмір сүруі оның ұлттық сипатына, болмысына әсер етеді. Ұлттық сипаттағы өзіндік ерекшеліктер мен менталитет этностың мәдениетінде, тұрмысында, күнделікті өмірінде көрініс табады. Олар сөз жоқ, тілде бейнеленіп, көрінеді. Алғашында көңіл көтеру мақсатында пайда болған әзіл, кейін келе қоғамдағы болып жатқан түрлі құбылыстарға байланысты халықтың қуаныш-күйінішін, арман-тілегін білдіруге қызмет еткен.

Жиналған мәтіндік дерсктерді талдасақ, әзілдің түрлері: достық әзіл, жарасты әзіл, жеңіл әзіл, қисынсыз әзіл, өткір әзіл, тұрпайы әзіл, шымшыма әзіл.

Досқа айтылған әзіл зілсіз болса, ел билеушілерге, дұшпанға айтылған әзіл уытты болады. Әзілдің сәтті, тапқыр шығуы қақтығысушы екі жақтың да ізетті, мәдениетті болуын талап етеді. Орынды жерде, шамамен әзілдеу ақыл мен сөз тапқырлығының нәтижесі.

Қазақ әзілдерінің қай-қайсысын алсақ та, халық дүниетанымын, салт-дәстүрін, психологиясын тануға болады. Қызыл сөзге шешен халқымыздың әзілі астарлы, әрі салмақты болған. Бұл ретте көпшілікке таныс тілдік тұлғалардың яғни, ақын, жазушылардың арасындағы әзілдердің мағыналық-тақырыптық топтарына назар аударылды. Себебі олардың болмыс-бітімі мен логикалық ой сабақтауы қашан да жұртшылыққа үлгі, тіпті кейбір тұста тәрбие мен өнегенің айқын тұстарын ұлт ойы, ұлт пікірі деп қабылдауға болады. Әзіл мәтіндерін сұрыптай келе, төмендегідей топтарға бөлдік:

- салт-дәстүрге байланысты;
- әлеуметтік жағдайға байланысты;
- білім-ғылымға байланысты;
- адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты;
- туыскандық, отбасылық қарым-қатынастағы әзілдер;
- ұлттар арасындағы достық әзілдер;
- достар мен құрдастар арасындағы әзілдер.

Салт-дәстүрге байланысты әзілдерде қазақ халқының ертеден ұстанып келе жатқан салты мен дәстүрінің жалғастығын байқатады. Өлең сөз немесе қарасөз арқылы айтылған астарлы әзілдің мазмұны халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен хабардар етеді. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінің бірі – қонақжайлық. Қонақжайлық адамдар арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрметті, қамқорлықты білдіретін, кісінің адамгершілігін, имандылығын айқындайтын қасиеттердің бірі.

Махамбет жол жүріп келе жатып бөктерде отырған малшы үйіне ат басын тірейді. Ойы – сусын ішіп, сәл тынығып алу. Бірақ үйден шыққан жас келіншек ақынның сөзін селкостай тындап, қабак бермей, сусын орнына пісіліп, майы ажыратылған сұйық айран әкеліп ұсынады. Жас келінге не дейсің? «Танымасты сыйламас» деген ғой деп, Махаң айранды ат үстінде тұрып басына бір-ақ көтереді. Кесесін қайтып беріп тұрып:

Уа, айран.
Келдің қайдан?!
Әйелдермен ұрысып,
Күбілермен жұлысып,
Айрылыпсың-ау майдан!
Есіл ақтығың болмаса,
Кем емессің-ау шайдан, –

деп ауызды қолының сыртымен бір сүртіп жүріп кетеді.

Кешікпей үй иесі келіп, болған жайды естігеннен кейін, санын бір соғып, Махаңды көрші ауылда түстеніп отырған жерінен қоярда-қоймай алып келіп, арнайы бағлан сойып, жақсылап күтіп жіберген екен [1, 10-11].

«Қазақ салтында қонағын сыйламау, оған тиісті ізет-құрмет көрсетпеу, малдың дұрысын сойып, сыбағасын жөнді етіп бермеу және осы сияқты әдет-ғұрыпты сақтамау – бәрі қонағының көңілінен шықпаса, ол ауыл ақсақалына, ру басына, биіне шағым айтуы, ақын болса, ел күлетіндей етіп өлең шығарып, әжуа етуі де мүмкін. Бұл құдайы қонақтың салт-әдет заңы бойынша құқығы» [2, 594]. Осылайша, әзіл аралас бірауыз өлең сөз арқылы талай нәрсені астарлап айтқан екен Махамбет ақын.

Әлеуметтік жағдайға байланысты.

Үлкен бір жиналыста финансы министрі баяндама жасапты. Үзіліс кезінде бес-алты кісі ортасында әңгіме айтып тұрған Мұхтар Әуезовке әлгі министр келіп, сәлемдесіпті де:

– Қалай, Мұқа, менің баяндамама сізге ұнады ма? – депті. Сонда Мұқан:

– Пәлі, ел сенен ақыл сұрар дейсің бе, ақшаңды беріп тұрсаң болғаны да, – деп, жұртты ду күлдіріпті [3, 49].

Бірде атақты композитор Әбілақат Еспаевтың «Мәдениет және тұрмыс» журналына нотасымен бір өлең шығады. Сол өлеңнің қаламақысын барып алса – әдейі аз қойған ба, ақшасы мардымсыздау екен. Әбілақат ақшаны алады да, журналдың жауапты хатшысына кіріп:

– Мәдениеттерің жақсы, тұрмыстарың нашар екен, – депті де, шығып жүре беріпті [4, 25]. Жазушы Мұхтар Әуезовтің «– Пәлі, ел сенен ақыл сұрар дейсің бе, ақшаңды беріп тұрсаң болғаны да» деп айтқан ұтымды әзілі мен композитор Әбілақат Еспаевтың «– Мәдениеттерің жақсы, тұрмыстарың нашар екен» деген шымшыма әзілі күлкі тудырғанымен, астарлап жеткізер мағынасы бар, ойлы әзіл.

Білім-ғылымға байланысты.

...біреу Қалтай Мұхаметжановтан: «Қалай, министрлікке тіркелген жана кадрларға риза боларсыз?» – деп сұрапты. Сонда Қалтай:

– Әрине, ризамыз, министр – домбырашы, замминистр – иллюзионист, тағы бір замымыз – циркаш, тамаша ғой! Тек енді бір фокусник болса қатып кетер еді, – депті. Мұнысы: Еркімбековтың консерваторияның домбыра класын бітіргенін, Поповтың бұрынғы иллюзионист, Саудабаевтың цирк директоры екенін айтқаны екен дейді [3, 6].

Бір ғалым өзінің докторлық еңбегін қорғап жатса керек. Даулы пікірлер туындап, академик Әлкей Марғұлан екі-үш рет шығып сөйлепті. Сонда ойнай беретін біреу:

– Әлеке, бүгін көп сөйлеп кеттіңіз ғой, – дейді.

Бұған Әлекен:

– Кісі не нәрсе туралы бірдеңе білген соң сөйлейді ғой, білмесе несін сөйлесін, – деп жауап беріпті [3, 7].

Бір күні сатирик Садықбек Адамбеков Жазушылар одағының секция мәжілісінде өзінің жаңа комедиясын оқыпты. Комедия ұзақ екен. Мәжіліске қатысып отырған ақын Сырбай жалығып жиі-жиі күле берсе керек.

– Ей, сен неге күлесің? – депті Садықбек Сырбайдың күлгенін жақтырмай. Сонда сырбай күлкісін тыймай:

– Комедия болған соң күлмегенде қайтеміз! – депті [3, 19].

Білім адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі және сана, таным, объективті әлем, субъект, ойлау, логика, ақиқат, парасат, ғылыми және күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланысты. Білім зерттеу, тексеру, ой тәжірибесінен, ғылыми тәжірибеден өткізу арқылы қалыптасады, реттелу арқылы топтастырылады. Ғылым мен білімге байланысты эзілдердің де өзіндік астарлы ақиқаты болады. Жеңіл эзілдермен салыстырғанда, бұл тақырыптағы эзілдер өткірлігімен ерекшеленеді.

Туысқандық, отбасылық қарым-қатынастағы эзілдер жарасымды, әрі жеңіл эзілдер болып келеді. Қазақ халқының ұлы данышпаны Абай: «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» – дейді. Ұрпақ – қазақ халқының ұлы мұраты болғандықтан, ата-бабамыз «Адам адаммен бай», «Кісі болар баланың кісі менен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен иесі бар» деп адамдар арасындағы туысқандық қарым-қатынасқа зор мән берген. Отбасындағы жарасымды эзілдерге мысал келтірсек,

Бақытжанның телефон арқылы біреумен қаттырақ дауыс көтеріп, ашулана сөйлескенін естіген Баукең кейінірек, жайбарақат отырғанда баласына:

– Сен бағана жолдасыңмен айқайлап сөйлестің ғой, – дейді.

– Өзі кінәлі, үндемегенге төбеме шығып алған, – деп жауап айтады Бақытжан.

Сонда Баукең:

– Ол кінәлі емес. Шығуға ыңғайлы, мінгенге жайдақ сенің төбең кінәлі, – деген екен [3, 15].

Пианино ойнап, нота жазып отырған академик-композитор Ахмет Жұбановқа қызы Ғазиза «ана нотаны дұрыс алмадыңыз, мынасы олай емес» деп ескерте беріпті. Сонда Ахан:

– Қызым-ау, мен сен сияқты академиктің баласы емеспін ғой. Жай қара шаруадан туғанмын, сондықтан да қателесуім заңды, – депті [3, 49].

Әке – отбасының пірі, қара шаңырақтың қожасы. Балаға ата-ананың жеке басындағы қасиеттері толығымен керек болады: ақылы да, шеберлігі де, күші де, мейірімі де, дауыс ырғағы да әрі қымбат, әрі маңызды. «– Ол кінәлі емес. Шығуға ыңғайлы, мінгенге жайдақ сенің төбең кінәлі» деген Бауыржан Момышұлының ұтымды айтылған эзілінің түсіне білген адамға берер тәрбиесі мол. Бір ауыз эзіл сөзбен көп нәрсені ұғындыра білген.

Ақын Жарасқан Әбдірашев төрт күн бойы үйіне келмей, дос-жарандарына еріп «тойлап» кетіпті. Жарасқанның бір күн, екі күн жоғалып кететін «мінезіне» әйелі Нәзік те әбден үйреніп, ондайда көп іздей бермейді екен. Бұл жолғы отағасының хабар-ошарсыз төрт күн жоғалуы Нәзіктің де көңілін қатты алаңдатады. Осыны сезген Жарасқан төртінші күні есік ашып үйге кірген бойда:

– Ат айналып қазығын табады,

Жарасқан айналып Нәзігін табады, – деп, өлеңдете төрге өтіп, диван үстіне ұзынынан сұлап түсіпті [3, 61]. Ерлі-зайыптылардың тату-тәтті өмір сүруі, отбасының мәні сыйластық пен түсіністікте болса керек. Ақын Жарасқан Әбдірашевтың әйеліне айтқан эзілі, жарасты эзіл. «Ат айналып қазығын табар, ер айналып елін табар» деген мақал-мәтелдің екінші жолы өзгертіліп, «Жарасқан айналып Нәзігін табады» деп окказионалға айналып, қолданылып тұр.

Адамдардың жас ерекшеліктеріне қарай:

Жазушылар одағындағы кезекті бір жиналыста бір жас ақын сөз алып, Сәбит Мұқановқа тиісе сөйлейді. Қыза келгенде Сәбит Мұқанов ақын емес дегенді айтады ғой. Сонда Сәбит тұрып:

– Жаңағы бала дұрыс айтады. Жас кезімде мен де Абайды ақын емес дегенмін, – деген екен. [3, 9].

Бірде ақын Шөмішбай Сариев байқамай жазушы Ахат Жақсыбаевтың өкшесін басып кетсе керек.

– Өкшемді оңдыртпай бастың-ау! – депті Ахат.

Сонда Шөмішбай:

– Ақа, өкшеңізді басып келе жатқан ініңіз емеспін бе! – деген екен [3, 27].

Латиф Хамиди әзілкеш, ашық-жарқын кісі еді. Бірде көшеде кездескен композитор ағасына Мұзафар Әлімбаев:

– Латеке, денсаулығыңыз қалай? – деп сәлемдесіпті.

– Өткендегіммен салыстырсам, онша емес, ал келешегіммен салыстырсам, құдайға шүкір, – депті сонда 75 жастағы Хамиди [3, 36]. Кішіпейілдік – ізеттілік пен әдептіліктің, құрмет пен сыйластықтың белгісі, пейіл мен ниеттің бір түрі. Кішіпейілдік жасынан тәрбие көріп, өнегелі отбасында өскен жасқа да, өзінен кішіні «ақылы асса аға қоятын», «алды кең, арты кеніш» ұлағатты қарияға да тән. Үлкен мен кішінің достығы мен сыйластығының тіні – кішілік пен кісілік, арқауы – құрмет пен ізет. Үлкен мен кіші арасындағы сыйластықтың қандай болатындығы әзіл арқылы да көрінеді.

Ұлттар арасындағы достық әзіл:

Бір күні Мұзаған (Мұзафар Әлімбаев) ұйғыр жазушысы Илья Бахтиярға әзілдеп:

– Илья, осы сен өзін қазақша таза сөйлейсің, ал енді шығармаларыңды неге қазақ тілінде жазбайсың? – дейді.

Сонда Илья:

– Мұзаға, ұйғырға да бір мықты ақын керек емес пе?! – деген екен [3, 20]. Бұл мысалда әзілге әзілмен жауап қайтарылған.

Академик Қаныш Сәтбаев совет делегациясының құрамында Англияға барады. Совет делегациясын бір орайлы шақта Англияның премьер-министрі Уинстон Черчилль қабылдап, қонақасы береді.

Дастарқан басында Черчилль Қаныш Сәтбаевқа назар аударып, әзілге балаған сұрақ қояды:

– Сәтбаев мырза, айтыңызшы қазақтардың барлығы да өзіңіздей сұңғақ бойлы ма?

– Менің халқым өзімнен әлдеқайда биік, – деп жауап береді Қанекен.

Келесі бір сәтте Черчилль орнынан тұрып келіп, Қананның рөмке көтеруіне демеу лебіз білдіріп, тағы да бір келеңсіздеу, тосын сұрақ қояды:

– Сәтбаев мырза, Сіз осы нешінші размерлі бас киім киесіз?

Қанекен сәл жымиып, еш іркілместен:

– Черчилль мырза, егер Сіз екеуміз бас киім айырбастасак, екі жағымыз да өкінбес едік! – де-

ген екен [3, 26–27]. Келтірілген мысалдардан, қазақ халқының өзге ұлт өкілдерімен достығы ғана емес, әзілі де жарасқандығын байқай аламыз. Ұтымды ой, орынды әзіл айта білетіндігіне көз жеткіземіз.

Достар мен құрдастар арасындағы әзіл:

Жақаң және Жамалхан Баетов бір әріптес корей достарының үйінен түстеніп шығыпты. Секемшілдеу Баетов былай шыққан соң:

– Әлгі бізге ненің етін берді, – деп сұрапты жолдасынан. Сонда Жақаң тісін шұқып тұрып:

– Білмедім, әйтеуір, менің үргім келіп тұр, – деп зәресін ұшырыпты [5, 4].

Бір жиналыста белгілі ғалым Ысқақ Дүйсенбаевтың артқы жағындағы орындыққа Сырбай Мәуленов отырып қалыпты. Сонда Сырбай ақын Ысекеңнің бітімін меңзеп:

Желке жағы жеті адыр,

Жылқы жайсаң жеткендей.

Төбе жағы тап-тақыр

Тайлак тайып кеткендей, –

деп әзілдеген екен [3, 9].

Үлкен ұлықтық лауазымға қолы жеткен бір адамның жақын досы оның қуанышына құтты болсын айта келген екен. Бірақ ұлық болған досы мұрнын шүйіріп, өп-өтірік танымағансып:

– Я, сен өзін кімсің осы? Маған келе бердің? – депті.

Күні кеше ғана сыйласып, араласып-құраласып жүрген адамының аяқ астынан бүйтіп құбылып шыға келгенін көрген досы:

– Жұрт сені осы таяуда екі көзінен айрылып, соқыр боп қалды деген соң, әдейі халіңді білгелі келіп едім, – депті [6, 54]. Қазақ құрдасының әзіліне ренжімейтін болған. Құрдас айтқан әзілге өкпелеу азаматтыққа сын. Сондықтан да құрдас азаматтар, достар арасында достық әзіл мен өткір әзілдер қатар жүретін болған.

Қорыта келгенде, халықпен бірге жасасып келе жатқан әзіл-қалжың рухани байлығымыз Ұлттық дүниетанымның нәр алатын ортасы, әрі көрінетін жері – ұлттық мәдениет. Әрбір этностың мәдениеті – оның тілі арқылы сақталған. Халқымыздың бастан кешкен тарихы, өмір тіршілігі, күнделікті тұрмысына қажетті бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, наным-сенімі, талғамы тілімізде бейнеленетін таңба десек, ұлтымыздың тілдік шығармаларында ол міндетті түрде таңбаланады және мәдениетіміздің көрсеткіші бола алады. Әзілді дәстүрлі құндылығымыз деп бағалағандықтан, бүгінгі таңда оны тақырыптық тұрғыдан жіктеп, талдаудың маңызы зор.

Қазақ ақын, жазушыларының арасындағы әзілдердің мағыналық-тақырыптық топтарын жүйелеу арқылы әзі-қалжың дискурсында қатысымдық тактиканың маңызды екені байқалады. Тілдік қатынастағы әзіл саласы лингвистикалық зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Елшібек Ж. Ауылдың айтқыштары. 1-кітапша. – Алматы: Өнер, 1993. – 56 б.
- 2 Әбдуәли Қ. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік / Қоғам. – Т. 2. – Алматы: Сардар, 2013. – 728 б.
- 3 Ниязбеков М. ...деген екен! 1-кітапша – Алматы: Өнер, 1992. – 64 б.
- 4 Асқаров Ә. Ағалардың әзілі, құрдастардың қалжыны. – Алматы: Өнер, 1992. – 112 б.
- 5 Садыр Б. Ауыл әзілдері. – Астана: BG-print, 2013. – 288 б.
- 6 Төреқұлов Н. Сөз тапқанға қолқа жоқ. – Алматы: Жазушы, 1964. – 69 б.

References

- 1 Elshibek J. Awi'ldi'ng aytqi'shtari'. 1-kitapsha. – Almati': O'ner, 1993. – 56 b.
- 2 A'bdwa'li'' Q. Qazaqtar ana tili a'leminde: e'moli''ngvi''sti''kali'q so'zdik / Qogham. – T. 2. – Almati': Sardar, 2013. – 728 b.
- 3 Ni''yazbekov M. ...degen eken! 1-kitapsha – Almati': O'ner, 1992. – 64 b.
- 4 Asqarov A'. Aghalardi'ng a'zili, qurdastardi'ng qalji'ngi'. – Almati': O'ner, 1992. – 112 b.
- 5 Sadi'r B. Awi'l a'zilderi. – Astana: BG-print, 2013. – 288 b.
- 6 To'requlov N. So'z tapqangha qolqa joq. – Almati': Jazwshi', 1964. – 69 b.

<i>Әлімтаева Л.Т., Турсын Ш.К.</i> Компаративтілік функционалды-семантикалық категориясының қазақ тіл білімінде зерттелуі.....	136
<i>Антонова Е.М.</i> Современная практика лингвоэкспертного исследования конфликтных медиатекстов по делам о защите чести, достоинства и деловой репутации юридических и физических лиц, клевете и оскорблению	142
<i>Аширова А.Т.</i> Газет мәтініндегі тақырыптардың синтаксисі.....	150
<i>Байтелиева Ж.</i> Үштілділік және қазақ тілінің мәртебесі	154
<i>Jahangirova G.</i> English as the language of international communication	160
<i>Досанова А.М., Мадиева Д.Б., Шакенова В.Б., Кузембекова Ж.Ж.</i> Интеграция ұғымы және тілдік бейімделу	164
<i>Доскеева Б.Ж.</i> Қазақ тіліндегі тілек, мақсат мәнді сөйлемдердің жасалу жолдары	172
<i>Жунусова М.К.</i> Антонимдердің мәтінтүзімдегі қызметі.....	178
<i>Жүнісбек Ә., Сейтқазы Е.</i> Қазақ тіліндегі ілік септіктің буын тұрқы мен дыбыс құрамы.....	184
<i>Иманқұлова С.М., Рамазанова Ш.Ә.</i> Бизнес-лингвистика – зерттелмеген жаңа сала	190
<i>Итжанова Н.Б.</i> Средства языкового выражения оценки агрессии в СМИ России и Казахстана (прилагательный, наречия)	194
<i>Касымова Р.Т.</i> Индивидуальные обыденные толкования слов в языковом сознании казахов.....	200
<i>Kogay E.R.</i> The concept of «Urban Locality» in signature worldview of Timur Zulfikarov	206
<i>Құлжанова Б.Р.</i> Сөз мағыналарының өзгеру себептері (Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері бойынша).....	210
<i>Nurshaikhova Zh.A., Akhmedova A.K., Zuyeva N. Yu.</i> Typochoric version of structural taxonomy of the russian sentence.....	216
<i>Сансызбаева С.К.</i> Фразеологизмы с зооморфизмами в казахском и русском языках	222
<i>Сарсекеева Н.К., Исакова У.Н.</i> Специфика мифопоэтических образов в повести О. Бокеева «Снежная девушка»	228
<i>Смағұлова Г.Н., Әмірақынова Г.А.</i> Қазақ әзілдерінің тақырыптық ерекшеліктері.....	234
<i>Хайрушева Е.Е., Салханова Ж.Х.</i> Инонациональные лингвокультурные элементы в поэзии Б. Канапьянова	240
<i>Турбекова С.А.</i> Эквивалентность при переводе художественного текста.....	244
3-бөлім Раздел 3 Тіл мен әдебиеттің Методика преподавания оқыту әдістемесі языка и литературы	
<i>Артықова Е.О., Ахметова А.Н.</i> Ағылшын тілін оқытудың маңызы	250
<i>Atabayeva F.K., Atabayeva G.K.</i> Foreign language information-educational environment: content, qualification demands and mechanisms of organization.....	256
<i>Бейсенова Ж.С., Утегенова Д.И.</i> Инновационные технологии в обучении языкам: критическое мышление	260



ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ № 1 (159)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал жылына 6 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Зуева Н.Ю. – ф.ғ.к. доценті (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Абдиманұлы Ө. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (ғылыми редактор) (Қазақстан)

Есімова Ж.Д. – ф.ғ.к. доценті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (ғылыми редактордың орынбасары) (Қазақстан)

Алкебаева Д.А. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (редактор) (Қазақстан)

Алтынбекова О.Б. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (редактор) (Қазақстан)

Таева Р.М. – ф.ғ.к. доценті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (редактор) (Қазақстан)

Далбабаев Ж.Д. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Джолдасбекова Б.У. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҰҒА-ның корреспондент мүшесі (Қазақстан)

Гусман-Тирало Рафаэль – ф.ғ.д. профессоры, Гранада университеті (Гранада қ., Испания)

Жаң Динжин – ф.ғ.д. профессоры, Пекин ұлттық орталық университеті (Пекин қ., Қытай)

Кибальник С.А. – ф.ғ.д. профессоры, Орыс әдебиеті институты (Санкт-Петербург қ., Ресей)

Ковтун А.И. – ф.ғ.д. профессоры, Университет Витаутаса Великого (Каунас қ., Литва)

Курдюмов В.А. – ф.ғ.д. профессоры, Шет тілдер институты (Мәскеу қ., Ресей)

Мадиева Г.Б. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Сойлемез Орхан – ф.ғ.д. профессоры, Ардахан университеті (Стамбул қ., Түркия)

Сулейменова Э.Д. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Хаяти Дивили – ф.ғ.д. профессоры, Юнус Эмре институты (Анкара қ., Түркия)

Янковский Х. – ф.ғ.д. профессоры, Адам Мицкевич атындағы университеті (Познан қ., Польша)



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Компьютерде беттеген:

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Молдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 9400

Басуға 11.02.2016 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8, Көлемі 38,6 б.т. Оффсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1457. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040. Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016



ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ № 1 (159)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал жылына 6 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Зуева Н.Ю. – ф.ғ.к. доценті (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Абдиманұлы Ө. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (ғылыми редактор) (Қазақстан)

Есімова Ж.Д. – ф.ғ.к. доценті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (ғылыми редактордың орынбасары) (Қазақстан)

Алкебаева Д.А. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (редактор) (Қазақстан)

Алтынбекова О.Б. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (редактор) (Қазақстан)

Таева Р.М. – ф.ғ.к. доценті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (редактор) (Қазақстан)

Далбабаев Ж.Д. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Джолдасбекова Б.У. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҰҒА-ның корреспондент мүшесі (Қазақстан)

Гусман-Тирало Рафаэль – ф.ғ.д. профессоры, Гранада университеті (Гранада қ., Испания)

Жаң Динжин – ф.ғ.д. профессоры, Пекин ұлттық орталық университеті (Пекин қ., Қытай)

Кибальник С.А. – ф.ғ.д. профессоры, Орыс әдебиеті институты (Санкт-Петербург қ., Ресей)

Ковтун А.И. – ф.ғ.д. профессоры, Университет Витаутаса Великого (Каунас қ., Литва)

Курдюмов В.А. – ф.ғ.д. профессоры, Шет тілдер институты (Мәскеу қ., Ресей)

Мадиева Г.Б. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Сойлемез Орхан – ф.ғ.д. профессоры, Ардахан университеті (Стамбул қ., Түркия)

Сулейменова Э.Д. – ф.ғ.д. профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Хаяти Дивили – ф.ғ.д. профессоры, Юнус Эмре институты (Анкара қ., Түркия)

Янковский Х. – ф.ғ.д. профессоры, Адам Мицкевич атындағы университеті (Познан қ., Польша)



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Компьютерде беттеген:

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Молдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 9400

Басуға 11.02.2016 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8, Көлемі 38,6 б.т. Оффсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1457. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040. Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016